

Денис Качеев¹, Тәуекел Оспанов², Ермек Тоқтаров³

*¹ «ЧелМУ» Қостанай филиалының профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты*

(Қостанай, Қазақстан)

e-mail: kacheev@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-4847-4611>

*² Қазақ-Неміс университетінің Әлемдік саясат
факультетінің доценті, PhD*

e-mail: ospanov@dki.kz

<https://orcid.org/0000-0002-8343-4052>

*³ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
директордың орынбасары, PhD*

e-mail: Toktarov.yermek@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0002-8691-5222>

(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіз Қазақстан үшін жаңа жалпыұлттық құндылықтар жүйесі талданады. Бұл жүйені әзірлеудің өзектілігі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік мәселелермен күресу және азаматтық қағидатқа негізделген біртұтас ұлт қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады. Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Қ. Тоқаев жалпыұлттық он екі құндылықты айқындап, оларды жұптап ұсынды. Ең алдымен, өзара тығыз байланысты Тәуелсіздік пен Патриотизм құндылықтары атап өтілді. Бірлік пен Ұнтымақтастық қоғамның бірігуі мен әлеуметтік тұтастығын нығайтудың негізі ретінде қарастырылды. Әділдік пен Жауапкершілік жалпыұлттық құндылықтар жүйесінде ерекше орын алады. Мемлекет басшысының пікірінше, Заң мен Тәртіп құндылықтары қазақстандықтардың қоғамдық санасына оң әсер етуі тиіс. Еңбекқорлық пен Кәсібилік елдің экономикалық дамуының негізгі кепілі ретінде қазақстандық ұлттың ажырамас құндылықтары болып табылады. Ал Жаңашылдық пен Шығармашылық қоғамның креативті индустриясын дамыту қажеттілігімен өзекті бола түсуде. Жалпыұлттық құндылықтарды білім беру және тәрбие жүйесіне енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың оларды негізге алған идеологиялық жұмысы азаматтық қағидатқа сүйенген ұлт қалыптастырудың берік іргетасына айналуы тиіс.

Түйін сөздер: ұлт, құндылық, тәуелсіздік, патриотизм, бірлік, ынтымақтастық, қоғамдық сана, шығармашылық өнеркәсібі.

Денис Качеев, Тауекель Оспанов, Ермек Токтаров
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСТАНА КАК
ФАКТОР ТРАНСФОРМАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается новая для суверенного Казахстана система общенациональных ценностей. Актуальность выработки данной системы обусловлена необходимостью борьбы с социальными пороками, деструктивными для казахстанского общества, а также формированием единой нации, основанной на принципе гражданства. Выступая на Национальном курултае, Президент РК К.Токаев обозначил двенадцать общенациональных ценностей, распределив их в парном виде. Прежде всего, это ценности Независимости и Патриотизма, которые взаимосвязаны между собой. Ценности Единства и Солидарности призваны стать основой общественной консолидации. Справедливость и Ответственность занимают особое место в системе общенациональных ценностей. Ценности Закона и Порядка, по мысли главы государства, должны оказать влияние на общественное сознание казахстанцев. Трудолюбие и Профессионализм в качестве ценностей казахстанской нации являются залогом экономического развития страны. Актуализация ценностей Созидания и Новаторства обусловлена необходимостью развития креативной индустрии казахстанского общества. Внедрение общенациональных ценностей в систему образования и воспитания, а также построенная на них идеологическая работа государственных органов, призвана стать прочным фундаментом формирования нации, основанной на принципе гражданства.

Ключевые слова: *нация, ценность, независимость, патриотизм, единство, солидарность, общественное сознание, креативная индустрия.*

Denis Kacheyev, Tauyekel Ospanov, Yermek Toktarov
KAZAKHSTAN'S NATIONAL VALUES AS A FACTOR IN THE
TRANSFORMATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS

Abstract. The article considers a new system of national values for sovereign Kazakhstan. The urgency of elaboration of this system is conditioned by the necessity to fight against social vices destructive for Kazakhstan society, as well as by the formation of a united nation based on the principle of citizenship. Speaking at the National Kurultai, President of the Republic of Kazakhstan K.Tokayev outlined twelve national values, distributing them in pairs. First of all, these are the values of Independence and Patriotism, which are interrelated. The values of Unity and Solidarity are intended to become the basis of social

consolidation. Justice and Responsibility occupy a special place in the system of national values. The values of Law and Order, according to the head of state, should influence the public consciousness of Kazakhstanis. Labour diligence and Professionalism as values of the Kazakh nation are the guarantee of economic development of the country. Actualisation of values of Creation and Innovation is conditioned by necessity of development of creative industry of Kazakhstan society. Introduction of national values in the system of education and upbringing, as well as the ideological work of state bodies built on them, is called to become a solid foundation for the formation of the nation based on the principle of citizenship.

Keywords: nation, value, independence, patriotism, unity, solidarity, public consciousness, creative industry.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында құрмет, отбасы, өзара көмек, этносаралық және конфессияаралық келісім сияқты құндылықтар саяси дискурста, Н.Назарбаев пен Қ.К. Тоқаевтың сөздерінде, Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында және өзге де стратегиялық мемлекеттік құжаттарда жиі көтерілгенімен, 2024 жылға дейін ел ауқымында ресми бекітілген қоғам құндылықтарының бірыңғай жүйесі қалыптаспаған еді.

2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар, ел тарихында «Қайғылы қаңтар» атауымен қалған бұл кезең, Президент Қ. Тоқаевтың саяси бағытына айтарлықтай түзетулер енгізді. Азаматтық қоғаммен өзара әрекеттестікті күшейту мақсатында жаңа институттар құрылып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған нақты қадамдар жасалды. Сол бастамалардың бірі – 2019 жылы құрылған, ал 2022 жылы Ұлттық құрылтай болып қайта ұйымдастырылған Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі. Қазақстандағы құрылтай дәстүрі тарихи тұрғыда билік пен қоғам арасындағы өзекті мәселелерді талқылау және мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының басты бағыттарын айқындау үшін өткізілетін ауқымды жиын ретінде қалыптасқан. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың тұжырымдамасына сәйкес, Ұлттық құрылтай билік пен қоғам арасындағы диалог алаңы болумен қатар, мемлекеттің негізгі идеологиялық ұстанымдарын халыққа түсіндіру платформасы қызметін атқаруы тиіс.

Қазақстанда бірыңғай құндылықтар жүйесін қалыптастырудың өзектілігі Президент Қ. Тоқаев жүргізіп отырған ұлт құру саясатының логикалық жалғасы болып табылады. Ол елдегі саяси реформаларды жүзеге асырып, азаматтық қоғам институттарын нығайту арқылы біртұтас азаматтық ұлт қалыптастыруға бағыт алды. Қазіргі әлемде, Р.Қ.Қадыржановтың пайымдауынша, «әртүрлі этникалық және мәдени тегі бар адамдарды біріктірудің ең тұрақты түрі» – азаматтық ұлт болып табылады [1, 211 б.]. Ал ұлт құру үдерісі, өз кезегінде, қоғамдық сананың терең трансформациясымен қатар жүреді.

Зерттеу әдістемесі.

Мақаланы жазу барысында философиялық талдау әдістері қолданылды, бұл жалпыұлттық құндылықтарды аксиологиялық жүйе аясында қарастыруға, сондай-ақ оларды қоғамдық сана контекстінде зерттеуге мүмкіндік берді. Жалпыұлттық құндылықтарды саяси және философиялық деңгейде салыстыру кезінде компаративистік әдіс пайдаланылды. Аталған әдістер жалпыұлттық құндылықтар жүйесін ұлт қалыптастыру үдерісі тұрғысынан қарастыруға, оны Қазақстан Республикасындағы қоғамдық сананың трансформациясының заманауи кезеңі ретінде кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

Президент Тоқаевтың жалпыұлттық құндылықтар жүйесі

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұраны аясында, жаңа құндылықтар ойлап табу емес, керісінше, бұрыннан бар құндылықтарға жаңа көзқарас пен жаңа мағына беру маңызды екенін атап өтті. Бұл құндылықтар Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрылыс үдерісі мен азаматтық идентификацияға негізделген қоғамның бірігуі тұрғысынан қайта қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті жариялаған құндылықтарды императивтік тұрғыда қабылдауға болмайды. Тоқаевтың өзі атап өткендей, «...азаматтарға қандай да бір құндылықты күшпен таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады» [2]. Бұл тұжырым ерекше маңызды, өйткені мемлекет деңгейінде жарияланған кез келген құндылықтар қоғам өмірінде және әрбір азаматтың күнделікті тәжірибесінде шынайы көрініс табуы тиіс.

Қазақстан Президенті атап өткен құндылықтар жұптық форматта берілген, бұл оларды нақты топтарға жүйелеуді қиындатады. Дегенмен, мемлекет басшысының құндылықтар жүйесіне жүгінуіне әлеуметтік проблемалар, тарихи сананың бұрмалануы және діни санаға деструктивті ықпал ету мәселелері себеп болғанын естен шығармау керек. Аталған құндылықтардың барлығы ұлттық бірлікке бағытталған және ортақ мағыналық негізге ие. Тоқаевтың ойынша, олар мемлекеттіліктің негізгі идеалдарын – Тәуелсіздік, Республика және Бірлікті бейнелейді. Сондықтан бұл құндылықтар жиынтығын азаматтық құндылықтар жүйесі ретінде қарастыруға болады. Қазақстандық зерттеуші М.Шайкемелевтің пікірінше, Қазақстандағы ұлттық құрылыс үдерісінің басты мақсаттарының бірі – азаматтық идентификация. Ол «жеке тұлғаның жалпыұлттық мақсаттармен, құндылықтармен және мүдделермен идеялық, эмоционалдық және рухани-адамгершілік тұрғыда сәйкестенуін» білдіреді [3, 179 б.].

Тәуелсіздік пен Патриотизм құндылықтарына тоқталғанда, Тәуелсіздікті сақтау елдегі патриотизм деңгейінің жоғары болуына тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. З.Шаукенова мен В.Дунаевтың пікірінше, патриотизм – «дүниетанымдық константа, өзін-өзі ақтайтын, ешқандай сыртқы шарттарға тәуелсіз құндылық» [4, 414 б.].

Әлемде орын алып жатқан жаһандық дағдарыстар мен әскери қақтығыстар халықаралық құқықтың осалдығын және күш орталықтарын монополиялау арқылы жаңа «қырғи-қабақ соғыс» кезеңін ұйымдастыру әрекеттерін айқын көрсетуде. Осындай жағдайларда Қазақстан ұлты Тәуелсіздік идеясын берік ұстануы тиіс, өйткені ол елдің саяси жүйесі мен аумақтық тұтастығының мызғымас негізі болып табылады. Бұл әсіресе соңғы жылдары Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі тұрғындарға қатысты сепаратистік идеяларды тарату әрекеттерінің күшеюі жағдайында ерекше өзекті мәселеге айналды.

Ел бірлігі мен ынтымақтастығы мәселесін қозғаған ҚР Президенті Қ.Тоқаев Қазақстанға қатысты «Ортақ үй» идеологиясын қолданады. Қазақстанның полиэтносты сипаты жағдайында бірлік мәселесі әр этностың дербес болмысымен үйлесімділікте қарастырылуы тиіс. Ж.У.Қыдыралина атап өткендей, тарихи қалыптасқан бірлік ұстанымы полиэтникалық Қазақстан жағдайында әрбір этностың дербес болмысына қайшы келмейді [5, 286 б.]. Осы көзқарасқа сәйкес, қоғамды өзара түсіністік пен келісім қағидаттарына сүйенген сындарлы дамудың басты кепілі ретінде Бірлік құндылығының маңызы барған сайын арта түсуде.

Ынтымақтастық түсінігі – билік пен қоғамның өзара әрекетін елдің болашағы үшін ортақ игілікке бағыттап жүзеге асыруды білдіреді. Қазақстандықтардың қоғамдық санасындағы ынтымақтастық құндылығы 2022 жылғы қаңтар оқиғаларынан кейін құқық қорғау органдарына көмек көрсету үшін халық жасақтарын ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ 2024 жылғы көктемде ел тарихындағы ең күшті су тасқынының салдарын жою кезінде айқын көрінді. Бұл тұрғыда ынтымақтастық ұғымы тек мемлекеттің мұқтаж жандарға қолдау көрсетуімен шектелмей, сонымен қатар мемлекет араласуынсыз қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру тетігін де қамтиды, онда адамдар бір-біріне жәрдемдеседі. Осы себепті соңғы жылдары Қазақстанда, әсіресе жастар арасында, волонтерлік қызметті қолдау мен дамытуға айрықша назар аударылып келеді. Мұндай қадамдар қоғамдық санада риясыз көмек көрсету мәдениетін орнықтырып, ынтымақтастықты тек төтенше жағдайлар мен табиғи апаттарда ғана емес, елде жүргізіліп жатқан реформалар кезеңінде де маңызды құндылыққа айналдыруға бағытталған.

Әділдік пен Жауапкершілік құндылықтарын Президент Қ. Тоқаев мемлекет пен қоғамға арналған «моральдық бағдар» ретінде айқындады. Бұл ұстанымдар жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу мен «ортақ үйдегі» татулықты сақтау үшін негізгі бағдар болып саналады. Мұнда назар аударатын жайт – Жауапкершілік ұғымының тек қоғам үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің де міндеті ретінде айқындалуы. Әділдік құндылығына тоқталған Қ.Тоқаев «әділетті мемлекет» идеясын жүзеге асыруға қатысты белгілі бір алаңдаушылықтардың бар екенін атап өтеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде билік қоғамдық санада қалыптасқан «мемлекеттік патернализмнен» біртіндеп алшақтап, азаматтық дербестік пен жеке жауапкершілікті нығайту саясатын жүргізді. Осыған байланыс-

ты, ҚР Президенттің пайымдауынша, әділетті мемлекетке деген күтулер әлеуметтік масылдық көңіл-күйді күшейту қаупін тудыруы мүмкін. ҚР Президентінің пікірінше, бұл қате түсініктер әділеттілікті қоғам игіліктері мен материалдық ресурстарды барлық әлеуметтік топтар арасында теңдей бөлу деп қарастыратын тым қарапайым түсінуден туындайды. Ал шын мәнінде, әділеттілік тек әлеуметтік осал топтарды қолдау ғана емес, қоғамдағы әрбір азаматтың жеке жауапкершілігін арттыруды да қамтиды.

Президент Қ.Тоқаев әділеттілік ұғымына қатысты өз пайымын білдіріп, оны құқықтар мен міндеттердің тең дәрежеде бөлінуі ретінде түсіндіреді [2]. Осыдан бұл екі құндылықтың өзара ажырамас байланыста екені байқалады. Мұндағы жауапкершілік азаматтың мемлекетке сөзсіз бағынуы емес, керісінше, өз өмірі мен елдің келешегі үшін саналы түрде міндет алуын білдіреді. Мемлекет басшысының ойынша, ұлттың табысты дамуы әрбір адамның жеке, кәсіби және қоғамдық борышына жауапкершілікпен қарауына тікелей тәуелді. Бұл ұстаным қарапайым азаматтарға ғана емес, мемлекеттік аппарат пен билік тармақтарының барлығына да қатысты. Осыған байланысты соңғы жылдары Қазақстанда олигархиялық топтардың билік құрылымдарымен астасып, ұзақ уақыт бойы жазасыз әрекет еткен жемқорлық тетіктерінің әшкереленуіне әкелген бірқатар ауқымды сот істері өтті. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ойынша, әділеттіліктің күші – ең алдымен, жауапкершіліктің күшімен өлшенеді.

Қоғамдық санада Жауапкершілік құндылығы цифрландыру үдерісінің қарқынды дамуы жағдайында ерекше маңызға ие болуда. Интернеттегі коммуникация, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді кеңінен қолдану қоғамда тек бостандық емес, сонымен бірге шексіз рұқсат етілген әрекеттерге деген жалған иллюзияны қалыптастырады. Анонимді аккаунттар жасап, кейбір адамдар әлеуметтік, этносаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттерге барады, жауапкершілік ұғымының маңыздылығын ұмытып жатады. Соңғы жылдары Қазақстан азаматтарына қарсы жасалған арандатушылықтардың жиілеуі, елдің қоғамдық санасына сырттан енгізілетін сепаратизм мен діни фанатизм идеялары, жалған ақпараттың таралуы – мұның барлығы қазақстандықтардың жауапкершілік құндылығын өзектендіре түседі.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «құндылықты плюрализмге – толық қолдау, деструктивті радикализмге – үзілді-кесілді қарсылық» қағидасына берік екенін атап өте отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауға ерекше назар аударады. Оның ойынша, тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі. Мемлекет басшысы атап өткендей, егер қоғамдық санада тәртіп мәдениеті қалыптасатын болса және әрбір адам өз үйі мен айналасындағы ортаға бей-жай қарамай, тәртіпті сақтауға мән берсе, онда бұл қағида бүкіл ел көлемінде орнығып, қоғамдық тұрақтылықтың кепіліне айналады.

Адамның өмірінде және оның айналасындағы кеңістікте тәртіпті сақтау мен қолдау мәдениеті қоғамдық санада тәрбиеленуі тиіс. Бұл үрдістің негізгі құралы – тәртіп пен жауапкершілік, олардың сақталуы қоғамдағы жоғары деңгейдегі тәртіптің қалыптасуына әкеледі. Алайда, теріс мысал

ретінде Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері үздіксіз жүргізіліп келе жатқан сыбайлас жемқорлықпен күресті айтуға болады. Өкінішке қарай, қоғамдық санада «алғыс білдіру» түсінігі кейде қызмет көрсетілгені үшін міндетті алым ретінде қабылданады, бұл қате ұғымды жою оңайға соқпай отыр. Сол сияқты, жоғары лауазым иесі жеке байлықтың көзі емес, керісінше, қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік иесі деген қағида да толық орнықпаған. ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұсынған құндылықтар жүйесі барлық деңгейдегі әлеуметтік тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналады деп үміттенеміз. Бұл қоғамдық санада Заңға деген құрметті, ой тәртібін, қоғамдағы тәртіпті мінез-құлық мәдениетін және еңбек тәртібін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы құндылықтар Тәртіп қағидатының ажырамас элементтері ретінде қарастырылуы тиіс.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев Еңбек құндылығына ерекше назар аударады, оны өз сөзінде Еңбекқорлық ретінде сипаттайды. Бұл қасиет экономикалық даму мен жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті ел болуға ұмтылатын ұлтқа тән болуы тиіс. Аталған құндылық қазіргі бұқаралық мәдениеттің сын-қатеріне жауап ретінде ұсынылады. Өйткені қазіргі мәдени дискурста «табыс» пен «байлық» ұғымдары жиі үлкен күш жұмсамай-ақ қол жеткізуге болатын құбылыс ретінде көрініс табады. Қоғамдық санада, отандық зерттеушілер атап өткендей, «нарықтық механизмдер жағдайында экономикалық табысқа жетудің басты шарты – қызметкердің интеллектуалды және практикалық еңбегі, оның әлеуметтік жауапкершілігі мен белсенділігі екендігі туралы түсінік әлі толық қалыптаспаған» [6, 91 б.]. Бүгінгі таңда жастарды өндірістік және дәстүрлі жұмыс мамандықтары онша қызықтырмайды. Керісінше, олар криптовалюта саудасы, электрондық биржалар, фриланс, блоггинг және әлеуметтік желілердегі монетизация идеяларына көбірек тартылады. Бұл үрдіс еңбек құндылығын қайта пайымдау мен оны қоғамдық сананың ажырамас бөлігі ретінде бекітудің маңыздылығын көрсетеді.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұсынған «Білімге табыну» тұжырымдамасы өз мәні бойынша мәңгілік құндылық болып табылады. Аталған құндылықты қоғам санасында бекіту «өмір бойы оқу», «шығармашылық пен жаңашылдық» қағидаттарын күшейтуге жол ашады. Бұл бағыттар, өз кезегінде, жалпыұлттық құндылықтар қатарындағы Құру мен Жаңашылдықтың дамуына серпін береді.

Президент Қ. Тоқаев Құру және Жаңашылдық ұстанымдарын заманауи креативті индустрияның өркендеуі аясында қарастырады. Қазіргі таңда бұл сала, әсіресе қазақстандық жастардың санасына ықпал етудің маңызды тетігіне айналып отыр. Елдің шығармашылық әлеуетін біріктіретін ұлттық креативті индустрияны дамыту – Құру құндылығының жалпыұлттық мағынадағы көрінісі ретінде қарастырылатын басты факторлардың бірі.

Соңғы жылдары Қазақстандағы креативті индустрия қарқынды өркендеп, кино, музыка, бейнелеу өнері және әдебиет арқылы Бірлік, азаматтық жауапкершілік пен патриотизм құндылықтарын дәріптеуде елеулі орынға ие болды. Қазіргі заманғы өнер көрмелері, кинофести-

вальдер мен кітап жәрмеңкелері ұйымдастырылып, қазақтың ұлттық мәдениеті мен тәуелсіз Қазақстанның жалпыұлттық мәдениетін ілгерілетуде жаңа бағыттар қалыптасып келеді. Осыған байланысты Құру және Жаңашылдық құндылықтары ерекше өзектілікке ие болып, азаматтық идентификация қалыптасу жолында тұрған қоғамдық сананың сұранысына сай келуде. Бұл үдеріс барлық этностардың қазақ мәдениетіне сіңісуі емес, керісінше, олардың өз ұлттық мәдениетін сақтай отырып, ортақ азаматтық бірегейлік аясында мәдени бірігуі туралы идеяға негізделеді. Бұл көзқарас мәдени ассимиляцияға емес, азаматтық негіздегі мәдени шоғырлануға бағытталған. С.Сейдуманов пен З.Шаукенованың пайымдауынша, қазіргі қазақстандық қоғамда мәдени бірегейліктің әртүрлі үлгілері қалыптасқан. Бұл үдеріс жаһандық үрдістерге сәйкес құндылықтар шкаласының ұжымдық моделінен индивидуалистік модельге қарай өзгеруімен байланысты. Зерттеушілердің пікірінше, бұл құбылыс «жеке адамның қоғамнан оқшаулануына, қоғамның фрагментациялануына және ортақ мақсаттардың деконструкциялануына» әкеледі [7, 19 б.]. Президент Қ.Тоқаевтың жалпыұлттық құндылықтар жүйесі осы үрдістерге қарсы тұруға және азаматтық негіздегі мәдени тұтастықты нығайтуға бағытталған.

Жаңашылдық құндылығы қоғамның цифрлық ортаға терең енуімен және жаңа шығармашылық құралдардың, оның ішінде жасанды интеллектті игілікті мақсатта пайдалану мүмкіндіктерінің кеңеюімен өзекті болуда. ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «біз барлық салада цифрлы номадтар өркениетінің озық стандарттарына сай болуымыз керек» деп атап көрсетеді, бұл жерде ол жаһандық номадизмді жалпыадамзаттық мәдени феномен ретінде қарастырады [2]. «Жаһандық номад» ұғымы – бұл жаңа әлемдік трендтерді қалыптастыру, білім алу мен шығармашылықтың шекараларын жою арқылы әлемді ашуға ұмтылған қазіргі «әлем азаматтарының» бірегей сипаттамасы. Ал «цифрлық номад» ұғымы ұқсас мағынаға ие, бірақ ол виртуалды кеңістіктің, ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамуымен тығыз байланысты. П.Канивье мен А.Бакирланованың пікірінше, қазақстандық қоғамдағы құндылықтардың трансформациясы «цифрлық технологиялардың дамуымен тікелей байланысты, бұл өз кезегінде жас ұрпақтың дүниетанымына айтарлықтай әсер етеді» [8, 69 б.]. Осыған байланысты, цифрлық дәуірдің талаптарына бейімделу және Жаңашылдық құндылығын қоғамның жаңа шындығына сәйкес дамыту Қазақстанның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Қорытынды

ҚР Президенті Қ.Тоқаев жалпыұлттық құндылықтар жүйесін ұсынумен ғана шектелмей, олардың нақты өмірде іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмалар жүктейді. Бұл құндылықтар тек декларативті тізім ретінде емес, мемлекеттік және азаматтық институттардың даму бағдарламаларының іргетасы болуы қажет. Осыған

орай, мемлекеттік органдарға өз қызметін осы құндылықтармен үйлестіру жөнінде нұсқау берілді. Ерекше назар білім беру жүйесіне аударылуда, өйткені ол тек білім берумен шектелмей, сонымен қатар тәрбие беру үдерісін де қамтиды. Қазақстан қоғамындағы аксиологиялық дағдарысты еңсерудің кепілі – білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын трансформациялау. Бұл ретте басты мақсат «руханият, яғни абсолютті адамгершілік» болуы тиіс, өйткені тек осы негізде ғана «білімді, дағдыларды және технологияларды енгізу орынды» [9, 146 б.]. Осылайша, жалпыұлттық құндылықтарды қоғамдық санаға енгізу білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыты болып табылады, бұл қоғамның рухани жаңғыруына және оның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстанның жалпыұлттық құндылықтары біртұтас ұлт қалыптастыру үдерісімен тығыз байланысты және осыған орай ерекше өзектілікке ие. Бұл құндылықтар жүйесі жалпыадамзаттық гуманизм қағидаттарын қамтымайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұсынған жаңа құндылықтар жүйесі мүлде жаңа идеялардан тұрмайды, керісінше, қазіргі Қазақстан үшін маңызды құндылықтарды ұлттық құрылыс шеңберінде қайта пайымдауға негізделген. Қазақстандық зерттеуші А.Е.Чеботаревтің пікірінше, ұлттық құрылыс тек азаматтық мемлекет қағидаттарына сүйене алады. Оның көзқарасы бойынша, азаматтық бірегейлік қоғамдағы сенімнің нығаюы, өзін-өзі құрметтеу, табысқа жетуге ұмтылу және елдегі оқиғаларға қатыстылық сезімі сияқты оң үрдістермен тығыз байланыста болуы керек [10, 94 б.]. Мұндай қағидаттардың маңызы әсіресе мәдени колониализмнің, адамгершілік құндылықтардың бұрмалануының және діни радикализмнің қоғамдық санаға ықпалы күшейген уақытта айқын артады. Осындай жағдайда қоғам деструктивті немесе архаикалық құндылықтарға бейімделу қаупіне ұшырайды. Сондықтан жалпыұлттық құндылықтар жүйесі ұлттық санаға оң бағыт беріп, Қазақстанның азаматтық тұтастығын нығайтуға қызмет етуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кадыржанов Р.К. Социально-философский анализ трансформации феномена национальной идентичности в эпоху глобализации / Философия в контексте глобализации. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2009 – 402 с.
2. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на третьем заседании Национального курултая «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс», 15.03.2024 // Официальный сайт Президента Республики Казахстан. URL: <https://akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116> (Дата обращения: 01.02.2025).
3. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность. Монография / Под. общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.
4. Шаукенова З.К., Дунаев В.Ю. Идеологическое конструирование в Республике Казахстан: вехи эволюции и траектории развития в контексте Стратегии «Казахстан-2050»: монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 438 с.

5. Кыдыралина Ж.У. Нация и история. – Астана: Елорда, 2009. – 304 с.
6. Трансформация идеологического пространства в Казахстане. Коллективная монография / Под. Общ. Ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 172 с.
7. Сейдуманов С., Шаукенова З. К актуализации проблемы культурной идентичности // Казахстан-Спектр. 2022. №4. С.12-20.
8. Canivez P., Bakirlanova A. Analysis of the transformation of values of the Kazakhstani society // Adam alemi – 2023. – No.1 (95). – P. 65-72.
9. Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З.К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.
10. Аналитический доклад на тему: «Общенациональные ценности: обзор стратегических ориентиров» / Астана, НАО «Казахстанский институт общественного развития», 2024. – 100 с.

REFERENCES:

1. Kadyrzhanyanov R.K. Sotsial'no-filosofskii analiz transformatsii fenomena natsional'noi identichnosti v ehpokhu globalizatsii [Socio-philosophical analysis of the transformation of the phenomenon of national identity in the era of globalisation] / Filosofiya v kontekste globalizatsii. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2009 – 402 s.
2. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva na tret'em zasedanii Natsional'nogo kurultaya «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» [Speech by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third session of the National Kurultai «Adal Adam - Adal Enbek - Adal Tabys»], 15.03.2024 // Ofitsial'nyi sait Prezidenta Respubliki Kazakhstan. URL: <https://akorda.kz/ru/vystupleniye-glavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinatsionalnogo-kurultaya-1525116> (accessed: 01.02.2025).
3. Shaikemelev M.S. Kazakhskaya identichnost' [Kazakh identity]. Monografiya / Pod. obshch. red. Z.K. Shaukenovoi. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2013. – 272 s.
4. Shaukenova Z.K., Dunaev V.YU. Ideologicheskoe konstruirovaniye v Respublike Kazakhstan: vekhi ehvolyutsii i traektorii razvitiya v kontekste Strategii «Kazakhstan-2050»: monografiya [Ideological construction in the Republic of Kazakhstan: milestones of evolution and trajectories of development in the context of the Strategy 'Kazakhstan-2050': a monograph]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2013. – 438 s.
5. Kydyralina ZH.U. Natsiya i istoriya [Nation and History]. – Astana: Elorda, 2009. – 304 s.
6. Transformatsiya ideologicheskogo prostranstva v Kazakhstane [Transformation of ideological space in Kazakhstan]. Kollektivnaya monografiya / Pod. Obshch. Red. Z.K. Shaukenovoi. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2014. – 172 s.
7. Seidumanov S., Shaukenova Z. K aktualizatsii problemy kul'turnoi identichnosti [Towards actualization of the problem of cultural identity] // Kazakhstan-Spektr. 2022. №4. S.12-20.
8. Canivez P., Bakirlanova A. Analysis of the transformation of values of the Kazakhstani society // Adam alemi – 2023. – No.1 (95). – P. 65-72.
9. Tsennosti i idealy nezavisimogo Kazakhstana [Values and ideals of independent Kazakhstan]. Kollektivnaya monografiya / Pod obshch. red. Shaukenovoi Z.K. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2015. – 322 s.
10. Analiticheskii doklad na temu: «Obshchenatsional'nye tsennosti: obzor strategicheskikh orientirov» [Analytical report on the topic: "National values: an overview of strategic guidelines"] / Astana, NAO «Kazakhstanskii institut obshchestvennogo razvitiya», 2024. – 100 s.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 21-02-2025

Мақаланың жарияланған күні: 29-09-2025